

**ҚАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
«ҚАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫҢ  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» КМҚҚ**

**БЕКІТЕМІН**

**«Қарағанды облысында  
білім беруді дамытудың  
оқу – әдістемелік орталығы»**

**КМҚҚ директоры**

  
Б.Х.Абдикерова 2022 ж

«06» 09

**«АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚАДАМ»  
КӘСІБИ БЕЙІНДІК  
АГРОСЫНЫП  
ЖОБАСЫ**

**ҚАРАГАНДЫ - 2022**

## ЖОБА ПАСПОРТЫ

|   |   |
|---|---|
| Жоба атавы  | «Ауыл шаруашылығына қадам» кәсіби бейіндік агросынып жобасы   |
| Мемлекеттік тапсырыс беруші   | Қарағанды облысының білім басқармасы, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚҚ  |
| Жобаны өзірлеу және жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күні және негіздемесі | Қыркүйек – 2022 жыл   |
| Жоба жетекшісі  | Абдикерова Б.Х. – Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры  |
| Жоба үйлестірушісі  | Мукашева Г.Г. – ББД ОӘО-ның МДЖОББ бөлімінің менгерушісі.   |
| Жобаны өзірлеуші  | Толеубаева Г.А. – ББД ОӘО-ның әдіскері.   |
| Жобаға қатысушылар  | Абай, Ақтөгай, Бұқаржырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Шет аудандарының педагогтары мен білім алушылары.   |
| Жобаның құрылымы  | <ul style="list-style-type: none"> <li>* Сипаты бойынша – кәсіптік білім беру;</li> <li>* Жіктелуі бойынша – эксперименттік жоба;</li> <li>* Ұзақтығы бойынша - ұзақ мерзімді;</li> <li>* Түрі бойынша – кәсіби бейіндік;</li> <li>* Деңгейі бойынша – облыстық.</li> </ul>   |
| Жоба мақсаты  | Білім алушылардың ауылшаруашылық мамандықтарына кәсіби қызығушылықтарын анықтау және қолдау үшін жағдай жасау, оларды ауылдық жердегі өмірге және еңбекке бағыттау.   |
| Жобаның негізгі міндеттері  | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Білім алушылардың болашақ мамандықтарын өздігінен анықтауына жағдай жасау.</li> <li>2. Ауылшаруашылығы мамандығы бойынша негізгі кәсіби білімі мен дағдыларын қалыптастыру.</li> <li>3. Жоғары агротехникалық және орта кәсіптік оқу орындарымен ынтымақтастықты және өзара әрекеттесу жүйелерін құру.</li> <li>4. Кәсіптік бағдар беруде көмек көрсету арқылы білім алушылардың агротехникалық дағдыларын қалыптастыру.</li> <li>5. Оқушылардың қызығушылығын, бейімділігін дамыту үшін оқытуудың тиімді түрлері мен әдістерін қолдану.</li> </ol> |
| Жоба гипотезасы   | <p>Агротехникалық сауаттылықты арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізу арқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- кәсіби сауатты, іскер, белсенді, жердің нағыз иесіне тән қасиеттерді бойына сіңірген болашақ агрономеркәсіп</li> </ul>   |

|                              |  |
|------------------------------|--|
|                              | <p>қызметкерлерін дайындауға;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шығармашыл, бәсекеге қабілетті, функционалды сауатты жеке тұлғаны дамытуға;</li> <li>- білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысуына;</li> <li>- жоғары және орта арнаулы оқу орындарымен серіктестікте жұмысты ұйымдастыруға көмектеседі.</li> </ul>   |
| Жобаның жұмыс бағыты         | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жобаны жүзеге асыру бойынша әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету.</li> <li>2. Жобаның жүзеге асырылу іс-әрекет жоспарын әзірлеу.</li> <li>3. Агротехникалық мамандыққа бейім оқушыны қалыптастыру, тәрбиелеу мақсатында мектептің атап-аналар қауымымен, оқушылармен, қоғамдық ұйымдармен бірлескен жұмыстарын жүргізу.</li> <li>4. Жоба аясында білім алушылардың кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған бағдарламаларды құрастыру.</li> </ol>  |
| Күтілетін нәтижелер          | <p><b>Жобаны іске асыру нәтижесінде:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Агрономия негіздерін менгерген білім алушылар қалыптасады.</li> <li>2. Оқушылардың агрономия бағытындағы терендетілген зерттеу жұмыстары жүргізіледі.</li> <li>3. Өз болашағын ауылшаруашылығы мамандығымен байланыстыратын білім алушылар саны артады.</li> <li>4. Педагогтардың агрономиялық қызметке қызығушылықты және кәсіби бағдарды дамытуға бағытталған әдістемелік өнімдері әзірленеді.</li> <li>5. Жобаны жүзеге асыру бойынша жүргізілген іс-шараларға білім беру ұйымдарының қатысу мониторингі жүргізіледі.</li> </ol> |
| Жобаның жүзеге асыру мерзімі | 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары   |

### Жобаның өзектілігі:

Әр адам өз қабілетіне, бейіміне сәйкес мамандық таңдауы тиіс. Бүгінгі танда нарықтық экономиканың қарқынды дамуын жалғастыра алатын кадрлар даярлау мәселесі алға қойылған. Солардың алдыңғы қатарында ауыл шаруашылығы саласындағы мамандықтар.

Ауыл шаруашылығы мамандығы бойынша жетістікке жету үшін адамның бойында өз іс-әрекетінің нәтижесін алдын ала болжай алу, өздігінен шешім қабылдай білу, кездейсоқ жағдаяттарда тез іс-әрекет жасау қасиеттері болу керек.

Қазір ауыл шаруашылығы саласына сапалы жаңа техникалар, жаңа өндірістік технологиялар ене бастады. Бұрынғы салаларындағы мамандықтар да уақыт ағымына қарай жаңа түрге, жаңа кәсіптік өзгерістерге ұшырады. Сөйтіп, бүгінгі ауыл шаруашылығы

мамандарының міндеттері мен жұмыс ауқымдары жаңа мән мен мазмұнға ие болғанын аңғаруға болады.

Бір сөзбен айтқанда, ауылға өз кесібін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан терең білетін жас кадрлар аса қажет.

Агроном – кең ауқымды мамандық, олар ауылшаруашылық мекемелерінен бастап, мемлекеттік құрылымдарға дейінгі агроенеркәсіп кешенінің барлық салаларында еңбек ете алады. Осы мамандықты жақсы меңгеру үшін білім алушылар өсімдік шаруашылығы, егіншілік, ауылшаруашылық дақылдарының селекциясы мен тұқым шаруашылығы, мал азығын өндіру және өсімдіктерді қорғау сияқты пәндерден терең білім алады. Оқу барысында егіншілік занбары мен өсімдіктердің қоршаған сыртқы орта факторларына қоятын талаптарымен танысады. Алған білімдері жоғары өнім өсіруге және ауылшаруашылық дақылдарының жаңа сорттарын шығаруға көмектеседі. Арнайы білім алған агрономдар басқа мамандық иелеріне қарағанда өсімдіктің дұрыс өсіп-жетілуіне не қажет екенін және топырақта қандай өзгерістер болатынын жақсы біледі.

Сондықтан мамандар жемісті еңбек ету мақсатында ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану, өсімдіктердің өнімділігін арттыру әдістерін қолдану, жаңа сорттар шығару, заманауи ақпараттық технологияларды қолдана алу, жан-жақты білімді болу мен алған білімді іс-жүзінде пайдалана білу дағдыларын менгерулері тиіс. Осыған байланысты мектептегі білім алушыларды ерте жастан ауылшаруашылық саласына кәсіби бағдарлау, агроном мамандығына деген қызығушылығын арттыру жұмыстарын жүргізу жобаның өзектілігі болып табылады.

**Мақсатты аудитория:** Селолық аудандардың білім беру ұйымдарының 7-9 сынып білім алушылары.

**Жобаны іске асыру кезеңдері:**

**I. Дайындық кезеңі: қыркүйек – желтоқсан 2022ж.**

Жобаны жүзеге асыру шарттарын бағалау. Жобаны бағалау критерийлерін әзірлеу.

- 1.1. «Ауыл шаруашылығына қадам» агросынып жобасын әзірлеу, талқылау және бекіту.
- 1.2. Агрономия бағыты бойынша әдістемелік әдебиеттермен танысу, әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.
- 1.3. Білім алушылардың бейіндік қажеттіліктерін зерттеуге арналған диагностикалық құралдарды әзірлеу.
- 1.4. Жобаны іске асыру бойынша іс – шаралар жоспарын әзірлеу.
- 1.5. Облыстық шығармашылық топ құрамын бекіту.
- 1.6. Жобаға қатысушылар үшін бағдар беру семинарын, отырыстарын өткізу.

## **II. Қалыптастыруыш кезең: қантар, 2023ж – наурыз, 2024ж.**

Жобаны жүзеге асыру.

- 2.1. Оқушыларға бейіндік және тәрбиелік ықпал етудің тиімді түрлері мен әдістерін тандау.
- 2.2. ЖОО және орта кәсіптік білім беру ұйымдарымен әлеуметтік серіктестікті кеңейту және нығайту.
- 2.3. Білім беру қызметінің барлық субъектілері өкілдерінің кәсіптік бағдар беру жүйесіне қатысуы.
- 2.4. Жобаны іске асыру мониторингісін жүргізу;
- 2.5. Тәжірибе алмасу бойынша тәжірибелі семинарлар, шеберлік – сыныптарын өткізу, білім алушыларды ғылыми –тәжірибелік конференцияларға, байқау- конкурстарға, кездесулер, жобалық зерттеу жұмыстарына қатыстыру.

## **III. Қорытынды кезең: сәуір – мамыр, 2024ж.**

Жобаны жүзеге асыру нәтижелерін талдау.

- 3.1. Жобаны жүзеге асыру нәтижелерінің сапалық және сандық талдауы.
- 3.2. Білім алушылардың ғылыми тәжірибелік конференциясын ұйымдастыру және педагогтардың әдістемелік өнімдерін шығару.
- 3.3. Фестиваль, интеллектуалдық сайыстар және т.б. байқаулар өткізу.
- 3.4. Мектепте кәсіптік бағдар беру бойынша материалдық-техникалық, әдістемелік база құру.
- 3.5. Әдістемелік өнімдерді және ұсынымдарды әзірлеу.

### **Білім беру ұйымдарында жобаны жүзеге асыруға жауапты тұлғалар:**

- директордың тәрбие жұмысы бойынша немесе бейіндік оқыту жөніндегі орынбасарлары немесе профориентаторлар (егер бар болса);
- педагог-психологтер, әлеуметтік педагог (психологиялық қызмет);
- сынып жетекшілері;
- пән мұғалімдері.

### **Жүргізілетін жұмыстың негізгі түрлері:**

- Жобаны жүзеге асыру жоспарын дайындау;
- Өткізілетін іс – шара жоспарын құру;
- Білім беру ұйымының агроном ата-аналар тізімін жасау және білім алушыларды бағдарлау жұмысына тарту;
- Атақты, тәжірибелі ауылшаруашылығы мамандарымен кездесу ұйымдастырып, сұхбат алу;
- Агротехникалық мекеме мұражайына, ауылшаруашылық ұйымдарына экскурсиялар ұйымдастыру;
- Мамандыққа бағдарлау сынды сағаттарын өткізу;

- Караганды облысынан шыққан атақты агроном адамдар тарихына арналған бейнефильмдер дайындау үшін материалдар жинақтау.

**Жоба жүзеге асырылады:**

- Оқу үдерісі арқылы (тарих, география, биология, химия, дене шынықтыру пәндері);
- Сабактан тыс тәрбие жұмысы арқылы (бірлестіктер, үйірмелер, көрмелер, кездесулер, экскурсиялар, конкурстар, акциялар);
- Мектептің әлеуметтік серіктестігі арқылы;
- Отбасымен жұмыс арқылы (ата-аналармен кездесулер, ата-аналар жиналышы, көрмелер, конкурстар).

**«Ауыл шаруашылығына қадам» агросынып жобасын жүзеге асыруға арналған іс жоспары  
2022 – 2023 оқу жылы**

| <b>№</b> | <b>Iс - шаралар</b>   | <b>Мерзімі</b>         | <b>Нәтижесі</b>  | <b>Жауапты</b>                          |
|----------|---|------------------------|--|---|
| 1        | Жобаны әзірлеу, құжаттарын дайындау   | Тамыз - 2022ж          | Жоба, құжаттар   | Толеубаева Г.А.                         |
| 2        | Жобаның мақсат, міндеттері, іске асырылуы туралы, қатысушы мектептерді анықтау бойынша әдістемелік кабинеттер менгерушілеріне, әдіскерлеріне арналған отырыс өткізу | 18 тамыз 2022ж.        | Отырыс құжаттары   | Толеубаева Г.А.                         |
| 3        | Жобаға қатысушы аудандарды, мектептерді бекіту  | Тамыз - 2022           | Бұйрық, тізім  | Толеубаева Г.А.                         |
| 4        | Жобаны жүзеге асыру бойынша бағдар беру семинарын өткізу, шығармашылық топ құру   | Қыркүйек 2022          | Семинар, шығармашылық топ құрамының бекіту туралы бұйрық | Толеубаева Г.А.                         |
| 5        | Білім алушылардың бейіндік қажеттіліктерін зерттеу үшін диагностикалық құралдарды әзірлеу   | 2022ж 15 қазанға дейін | Диагностикалық талдау құралдары                          | Шығармашылық топ                        |
| 6        | Жобаны жүзеге асыруда отаншылдық, білімге құштарлық, еңбеккорлық бағыттарындағы ұлттық құндылықтарға негізделген  | Оқу жылы ішінде        | Iс – шара жоспары  | Барлық аудандық ӘК, білім беру үйімдары |

|    |  |                 |  |   |
|----|--|-----------------|--|---|
|    | жұмыстарды үйімдастыру.  |                 |  |   |
| 7  | Жобаға қатысушылардың жоғары агротехникалық және орта кәсіптік білім беру үйімдарымен ынтымақтастық іс-қимыл жүйесін күру.       | Қантар - 2023   | Серіктестік жұмыс                        | Шет, Қарқаралы аудандары ӘК, білім беру үйімдары    |
| 8  | Кәсіби бағдар бере отырып білім алушылардың агрономиялық дағдысын қалыптастыру.  | Наурыз - 2023   | Іс – шара жоспары                        | Ақтогай, Осакаров аудандары ӘК, білім беру үйімдары |
| 9  | Кәсіби қызығушылығын, бейімділігін, қабілеттілігін дамыту үшін оқытудың тиімді әдістері, түрлері бойынша жұмыстарды үйімдастыру. | Оқу жылы ішінде | Оқыту әдістері                           | Аудандық ӘК, білім беру үйімдары                    |
| 10 | «Жобаның жүзеге асырылу барысы: атқарылған шаралар, мәселелер, шешу жолдары» облыстық семинар                                    | Наурыз - 2023   | Облыстық семинар құжаттары               | Бұқар жырау, Нұра аудандары                         |
| 11 | Жобаның жүзеге асырылуы бойынша облыстық ақпараттық құралдарда мақалалар жариялау  | Оқу жылы ішінде | Мақалалар                                | Барлық аудандық ӘК, білім беру үйімдары             |
| 12 | Жоба аясында білім алушылардың кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған бағдарламаларды құрастыру.                                 | Мамыр - 2023    | Бағдарламалар                            | Аудандық ӘК, білім беру үйімдары                    |
| 13 | Ауыл шаруашылығы мамандығына бейімдеу бойынша жүргізілген іс-шараға білім беру үйімдарының қатысу мониторингісі.                 | Мамыр - 2023    | Жылдық мониторинг, аналитикалық анықтама | Толеубаева Г.А., ӘК менгерушілері                   |